

ӘОЖ 82.912.1

ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ТҮРК ӘДЕБИЕТІ

Әубәкірова Лаура

laura.aubakirova1@gmail.com

«Филология:қазақ филологиясы» мамандығы 2 курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор С.Негимов

Халқымызға орны толмас орасан зор мұраларды тудырған Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармалары түркі әдебиеті әлемімен байланысындағы алар биігі баға жетпес құнды. Осыған байланысты тұжырымдамалар мен қорытындылар жасай келіп, қосымша мағлұматтар тиянақтап жинақтау, оның шығармаларын ұлтымыздың ұлттық байлығына, халқымыздың рухани игілігіне айналдыру бүгінгі күннің талабы ретінде өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Шәкәрім шығармалары дәлдігімен, нақтылығымен, ғылыми негізде сараланып жүйеленуімен құнды.

Қай халық болмасын басқа халықтардың әдебиетімен, мәдениетімен қарым- қатынаста болып, бір-біріне ықпал-әсерін тигізу арқылы алға басып отыратыны белгілі. Дәлел ретінде айтсақ, арабтар ислам дінін таратып қана қоймай, өздерінің қоластындағы және көршілес елдерден: үнді, парсы, грек т.б. халықтардың мәдениетін жатсынбай, қажетінше бойына сіңіре білгені көпшілікке мәлім. Мәселен, араб әдебиетінің жәдігері ретінде күллі әлемге танымал "Мың бір түн" топтамасында үнді, парсы, түркі ертегілерін молынан кездестіруіміз де сондықтан болса керек. Солардың бірі-үнді топырағында дүниеге келген "Қалила мен Димна", "Тотынама" парсылардың төл туындысындай болуы жайдан жай емес. Сан ғасырлық тарихы бар қазақ әдебиетінің өн бойынан әлем әдебиетімен байланысты да байқаймыз. Сондықтан төл әдебиетімізді тереңдеп, түстеп танимыз десек, әлем әдебиетінен бөліп-жарып қарау мүмкін емес. Ал әдеби байланыстар жайында сөз етсек, қазақ әдебиетіне шығыс әдебиетінің тигізген әсеріне тоқталмай кету және мүмкін емес. Иран-түркі халықтарының мәдени-әдеби қарым- қатынасы өте көне дәуірлерден басталады. Сондықтан да екі халықтың мифологиялық түсінік, ырым-кәделеріне, фольклорында ортақтық мол. "Авестада" бейнеленген мифологиялық пері, дию, аждаһа қазақ ертегілерінің кейіпкеріндей қабылданатыны осыдан. Ал "Шаһнама" дастанында "қазақ" сөзінің ауызға алынуы халқымыздың тарихын зерттеушілер үшін мәнді дерек болса керек. Фердоусидің "Шаһнамасы", Низамидің, Сағдидің дастандары қазақ жұртына етене таныс. Әдебиетіміздің үлкен тұлғалары - Абай мен Шәкәрім "Ескендір", "Ләйлі-Мәжнүн" дастандарына ақындық сайысқа түсіп, нәзір Абай: "Физули, Шәмси, Сәйхали Науаи, Сағди, Фердоуси, Қожа Хафиз

- бу һәммасы Мәдет бер шағири фердияд", - деп шығыс ақындарын пір тұтса, оның ақындық мектебін жалғастырушы Шәкәрім: "Науаи, Сағди, Шәмси, Физули бар, Сәйхарли, Қожа Хафиз, Фердоусилер... Бәйітші елден асқан шешен болып, Әлемге сөздің нұрын жайған солар", - деп парсы ақындарының әлем әдебиеті тарихында елеулі із қалдырғанын айғақтайды.(1) Алайда қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен астасқан қырлары толық ғылыми тұрғыдан зерттеліп біткен жоқ. Ал енді Кеңес үкіметі тұсында шығыстың классикалық жәуһар туындыларын ана тілімізге тәржімалап, көпшілікке танытуда көп іс тындырылғаны белгілі. Фердоусидің, Сағди Шеразидің, Низамидің, Жәмидің көлемді дастандары қазақша сөйлетіліп, Рудаки, Омар Хайям, Руми, Хафиз т.б. шығыс шайырларының лирикалық туындылары республика оқырмандарының рухани қазынасына айналды. Шығыс шайырларын қазақша тәржімалау жұмыстарымен Т.Ізтілеуов, Қ.Бекхожин, Қ.Шаңғытбаев, Ж.Нәжімеденов, М.Әлімбаев, Х.Ерғалиев, Ғ.Қайырбеков, Ә.Жәмішев т.б. тәрізді белгілі қаламгерлер айналысты. Бұлардың көпшілігі шығыс шайырларының орыс тіліндегі аудармаларын қазақ тілінде сөйлетті. Аударма арқылы біз әлем әдебиетінің тамаша үлгілерімен таныса аламыз. Аударма тілі басқа әртүрлі жұрттардың рухани әлемін бір-біріне жақындата түсетін пәрменді құрал екені баршамызға аян. Аударма тарихының қазақ топырағында пайда болып, қалыптасуының ұзақ тарихы бар екендігі зерттеу еңбектерден мәлім. Шығыс және қазақ әдебиеті ежелден-ақ тығыз байланыста екені белгілі. Түбі шығыстан таралып, қазақ әдебиетінің төл қазынасына айналып кеткен шығармалардың өзі қаншама. Сондықтан да бұл шығармалар арқылы тілімізге көптеген шығыс сөздері мен бейнелеу нышандары қосылды. Мәдениеті мен дәстүрі қазақ халқына ежелден етене болып кеткендері- араб, парсы, түрк әдебиеті. Әдебиетімізде осы халықтардың қазынасынан келген үлестер де аз емес. Шығыс әдебиетінің түпнұсқаның жеке сюжеттері мен сарындары қазақ әдебиетінде жаңа туындылар жасауға себеп болғаны мәлім.

Қазақ әдебиетінде зор мұра қалдырған ақындардың бірі-Шәкәрім. Шығыста-Хафиз Шамсуддин, Физули, Низами Гянджауидің біраз туындыларын қазақ тілінде сөйлеткен қаламгер. Біз енді Хафиз бен Шәкәрім шығармаларындағы байланысты қарап көрейік. Жазушы М.Мағауин Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығына шолу жасай келе, мынандай түйін жасайды: "Осы жұлдыздай жыпырлаған көп ақын ішінде Шәкәрім, әсіресе, Хафизді жанына жақын тұтады. Германиядағы Гетені де, Ресейдегі Пушкинді де баураған, жаңа дәуірдегі Еуропа поэзиясына үлкен ықпал жасаған Хафизді Шәкәрім өзінің ең ұлағатты ұстаздарының бірі санайды. Үнемі сырласып, мұңдасып отырады. Тіпті өмірінің ең соңғы күндерінде де Хафизді аузына алады, оны түсінде көргенін айтып, бұл дәм-тұздың таусылғаны, фәнилік жарықтан, бақилық даңққа өтудің белгісі деп біледі ". Шәкәрім "Көрініске шоқынған", "Кел, аяқшы, қымыз құй", "Ей, жарымыз, ай нұры", Тұр, аяқшы, бер қымыз", "көңіл жібі қолымнан", "Егер сүйікті ол бала", "Анық ерге жолдас бол", "Мәжілісінде досыңның ", "Кешегі басшы піріміз" деп басталатын өлеңдерді шығыстың әйгілі ақыны Хафизден аударған. Бұлардың ішінен "Көрініске шоқынған" деп аталатын бір өлең "Абай " журналының 1918жылғы үшінші санында басылды.(2) Ал басқа өлеңдері ақынның көзі тірісінде жарияланбаған. Сол "Абай" журналында басылған өлеңнің алдындағы таныстыру сөзінде ақын: "Баяғыда осыдан бірнеше жыл бұрын парсы жұртында әрі білгіш - данышпан, әрі сопы, әрі ақын Қожа Хафиз деген кісі болған екен. Сол кісінің сөзі мен өзінен байқалған иманына қазақ жұртының талапты да алғыр жастарын таныс қылмақ үшін төменгі жырын қазақ тіліне аудардым" деп көрсеткен. Шәкәрімді Хафиздегі терең философиялық ой, астарлы меңзеулері қызықтырғаны болса керек. Шәкәрім аудармалары ұлттық таным - түсінікке қабысатындай ұғымдылығымен ерекшеленеді. Ол қабылдаушының ұлттық ерекшелігін ескерген. Сонымен бірге эстетикалық қуаттың поэзиялық тұрғыдан төрт аяғын тең басқан көркем болуын назарда ұстаған. Мысалы, шығыс шайыры атанған парсы ақыны Хафиз өз отандастарын ар тазалығына жетелеп, жаңа рух, жаңа сезіммен қанаттандырады. Бұл сезім әрі сенім - имандылық, ақын илаһи махаббат жолымен кісілікке, ұлттық келбетті қастерлеуге болатынын айғақтағандай еді. Шәкәрімді Хафиздің терең философиялық ойлары мен астарлы меңзеулері қызықтырғандай болып көрінеді. Шығыс

әдебиетінен Шәкәрімнің өз қандастарына таныстырған тағы бір туындысы Физули Бағдадидан қазақ тіліне өлеңмен еркін аударған "Ләйлі-Мәжнүн" поэмасы. Поэма 1907 жылы жазылған деген деректер болғанымен, тек 1922-1923 жылдары М.Әуезовтың көмегімен «Шолпан» журналында жарық көрді. Ал, 1935 жылы С.Сейфуллин жеке кітап етіп, бастырып шығарды. Автор өз туындысының кіріспесінде: Мәжнүннің Ләйліменен аз жұмысы, Өне сол шын ғашықтың қылған ісі. Бұлардың әпсәнәсін жазған адам- Физули Бағдади деген кісі. Ондай ғып еш бәйітші жаза алмаған, Нақысын шын келтіріп, қаза алмаған. Кітабын Физулидің іздеп тауып, Кез болды былтырғы жыл азар маған. Мен оның келтіре алман мыңнан бірін, Айтуға тіл жетпейді тәтті жырын. Мәжнүннің атын білер, жайын білмес, Қазаққа ұқтырайын біраз сырын. Ақынның «Ондай ғып еш бәйітші жаза алмаған» деуіне қарағанда, Шәкәрімді Ләйлі мен Мәжнүн басындағы ғашықтық хикаясы, махаббат трагедиясы ғана емес, сол оқиғаны түрлі дәуірлерде бірін-бірі қайталай жырлаған әр алуан ақындардың ішіндегі Физулидің көркем нұсқасы да қызықтырғанға ұқсайды. Өйткені, Физулиге дейін, бүкіл шығыс еліне мәшһүр «Ләйлі- Мәжнүн» сюжетін салалы дастан түрінде әлемге тұңғыш рет таратқан ақын - Низами еді. Қазақ халқы осы Низамиден тараған "Ләйлі - Мәжнүн" сюжетін көбірек жырлайды. Ол қазақтың "Қозы Көрпеш- Баян Сұлу" жыры сияқты тамаша эпос үлгісімен тұрғылас жатады. Ең алғаш Низами бұл сюжетті шығыс ертегісінен алып жырласа, арада жүз жыл өткен соң әмір Хұсрау, 1483 жылы Науаи, 1484 жылы Жәми жырлайды. Ал, бұлардан кейін қазақ даласында бұл дастанға қалам тартқан ақын Шәкәрім болды. «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы жарыққа шыққаннан бастап-ақ, ол Шәкәрімнің Физулиден аударған туындысы емес, көрнекті қазақ ақынының шығыс шайырларымен өнер жарыстыра отырып, жазған төл шығармасы ретінде бағаланды. Сондай-ақ, Шәкәрімнің бұл туындыны алуының өзіндік үлкен мәні бар деп айтуға болады.(3)

«Оятқан мені ерте Шығыс жыры», «Жасымнан жетік білдім түрік тілін», деп өзінің төл әдебиетімізден тысқарғы ең алғашқы өнеге мектебін еш бұрмалаусыз нақты атаған, классикалық Шығыс поэзиясы мен тамырлас халықтарға ортақ ортағасырлық түркі әдебиетін де таныған Шәкәрімнің айрықша қадір тұтқаны баршамызға мәлім. Және Шәкәрімнің Фирдоуси мен Сағдиді де, Ясауи мен Софы Аллаярды да жете танығандығы оның шығармаларынан көрініп-ақ тұрады. Шәкәрім Құдайбердіұлы шығыс әдебиетімен байланысты нығайта түсуімен ұлттық әдебиетімізді жаңа белеске көтерді. Оның аудармалары арқылы біз әлем әдебиетінің тамаша үлгілерімен таныс болдық. Мәдениеті мен дәстүрі қазақ халқына ежелден етене болып кеткендерінің бірі – түркі әдебиеті. Түркі әдебиетінің жеке сюжеттері мен сарындары қазақ әдебиетінде жаңа туындылар жасауға себеп болғаны мәлім. Ойшыл ақынның шығармаларын түркі әдебиетімен байланыстыра оның өзіндік орнын анықтап, осыған байланысты тұжырымдамалар мен қорытындылар жасай келіп, қосымша мағлұматтар тиянақтап жинақтау, оның мол мұрасын ұлтымыздың ұлттық байлығына, халқымыздың рухани игілігіне айналдыру басты парызымыз.. Қазақ әдебиетін Хәкім Абайдан кейінгі дәуірде өз ақындық үнімен өрнектеген Шәкәрім шығармашылығы халықтың рухани ғұмырнамасындағы ең ізгі дәстүрлерді сіңіріп, түркі әдебиетімен ұлы сабақтастықты жалғаған жауһар мұралардың бірі. Түркі әдебиетінде қалыптасқан көркемдік дәстүрлер Шәкәрім шығармаларында көрініс- белгілері бағдарланып, поэмалары мен прозалық туындылары арасындағы тақырыптық-идеялық үндестік мәселелері қазіргі таңда зерттелуде. Ақын лирикасы мен ежелгі түркі поэзиясы арасындағы үндестік мәселелері де біршама тамаша туындыларда кездеседі. Сонымен қатар тарих қойнауынан сыр шертетін Шәкәрім шежіресінің түркілік дәуірде жазылған шежірелік шығармалармен байланысы әрі оның жазылу тарихы – тағы бір туындының бастар қойнауы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1961
2. Жекеева К. Әдеби аударма негіздері. – Қарағанды, 2005
3. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы, 1987